

«КоЖаН»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
(«КоЖаН» АҚ)
АКЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ АНДАТПАСЫ

Өкілетті органның жарияланған акцияларды шығаруды мемлекеттік тіркеуі инвесторларға аңдатпада сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсынымдарды беруді білдірмейді. Жарияланған акцияларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған өкілетті орган осы құжаттағы ақпарат дұрыстығы үшін жауапты болмайды. Акцияларды шығару аңдатпасы тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес болуына ғана қарастырылады. Акционерлік қоғамның лауазымдық тұлғалары осы аңдатпадағы ақпарат дұрыстығы үшін жауап береді, және ода ұсынылған барлық ақпарат дұрыс және инвесторларды қоғам мен оның орналастырылған акцияларына қатысты жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Алматы қ., 2014 жыл

1. Акционерлік қоғам туралы жалпы мәліметтер

2. Акционерлік қоғамның атауы

Атауы	Толық	Қысқартылған
Мемлекеттік тілде	«КоЖаН» акционерлік қоғамы	«КоЖаН» АҚ
Орыс тілінде	Акционерное общество «КоЖаН»	АО «КоЖаН»

Қоғам «КоЖаН» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қайта құрылуы нәтижесінде Акционерлік қоғамға өзгеру жолымен құрылды. Қоғам «КоЖаН» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің барлық құқықтары мен міндеттерінің құқық мирасқоры болып табылады.

3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

Заңды тұлғаны тіркеу туралы 16.10.2014 № 10100080517802 анықтама Алматы қаласы Әділет департаменті Бостандық ауданының Әділет басқармасымен берілді районы.

4. ҚР ҚБА Басқармасының 28.05.07ж. №155 қаулысына сәйкес жойылды.

5. Акционерлік қоғамның мекенжайы, байланыс телефондары және факс нөмірлері туралы ақпарат, электрондық пошта мекенжайы

Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Пирогов көшесі, 31, 6-қабат тел.: +7 (7272) 598 903, +7 (7272) 598 904 факс: +7 (7272) 597 628, эл. пошта: reception@kozhan.kz.

6. Акционерлік қоғамның банкілік деректемелері

BSN 010440005294

ЖСК KZ964322203398G00088

«ВТБ Қазақстан АҚ» ЕҮ

BSK VTBAKZKZ

7. Акционерлік қоғам қызметінің түрлері

Қоғам қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады :

- мұнай операциялары (ұңғымаларды бұрғылау, мұнай-газ конденсатты кен орындарын әзірлеу, ұңғымаларды күрделі жөндеу, мұнай өнімдерін өткізу, мұнайды тасымалдау, мұнай-газ жабдығын жөндеу);
- мұнай-газ кен орындарын іздеу және барлау;
- көтерме және бөлшек сауда;
- инвестициялық;
- өнеркәсіптік жарылу-өртеу қауіпі бар, және тау-кен өндірістерін, гидротехникалық құрылыстарды, сондай-ақ, қазандарды, кемелерді және қысым астында жұмыс істейтін құбырларды жобалау, салу және пайдалану;
- темір жол, өзен, теңіз, әуе көлігімен жолаушылар мен жүкті тасымалдау; жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдау; көліктің барлық түрімен қауіпті жүктерді тасымалдау; авиациялық жұмыстар;
- минералдық шикізатты қайта өңдеу;
- жобалау-іздістіру, сараптамалық, құрылыс-жинақтау жұмыстары, құрылыс материалдарын, бұйымдар мен құрылымдарды өндіру бойынша жұмыстар;
- этил спирті мен алкоголь өнімін шығару, этил спирті сақтау және жүзеге асыру, сондай-ақ алкогольді өнімдерді сақтау, көтерме және бөлшек сату;

- түсті және кара металлдардың сынығы мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу;
- маркетинг, инжиниринг, менеджмент, консалтинг;
- халық тұтынатын тауарларды, өндірістік мақсаттағы өнімдерді, құрылыс материалдары мен жабдықты өндіру және сауда биржаларында, сондай-ақ мемлекеттік және коммерциялық сауда желісі арқылы өткізу;
- сауда –сатып алу операциялары мен делдалдық қызмет құқығымен ауыл шаруашылық өнім мен оның қалдықтарын дайындау, өндіру, қайта өңдеу;
- жалпы коммерциялық қызмет;
- өндірістік-техникалық, техникалық-саудалық қызмет көрсету;
- өнеркәсіптік және азаматтық құрылыстарды салу және жөндеу;
- құрылыс материалдарын өндіру;
- шаруашылық етуші субъектілер активтерін басқару;
- импорттық-экспорттық операциялар;
- делдалдық қызметтер;
- жеке тұлғаларға, ұйымдарға көліктік қызметтер көрсету (әуе, темір жол, теңіз, құрлық көлігімен тасымалдау);
- барларды, мейрамханаларды, дәмханаларды, жазғы алаңдарды және т.б. ашу;
- өндірістік қызмет;
- жарнамалық-ақпараттық қызмет;
- қайталама шикізат пен өнеркәсіптік қалдықтарды дайындау, қайта өңдеу;
- өнеркәсіптік мақсаттағы тауарлар өндірісі;
- сыртқы сауда операциялары;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет;
- ақпараттық, кеңес беру, сервистік, полиграфиялық және өкілдік қызметтер;
- түрлі ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелермен келісу және тапсырмасы бойынша түрлі жұмыстар мен қызметтерді орындау;
- халық пен ұйымдарға тұрмыстық қызметтерді көрсету;
- туристік қызмет;
- жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жылжымайтын мүлік бойынша маклерлік қызметтер;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтің басқа түрлері.

8. Акционерлік қоғамға немесе ол шығарған құнды қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерімен берілген рейтингтерінің болуы туралы мәліметтер. Қаржылық агенттік мәртебесінің берілуі туралы мәліметтер.

Қоғамға немесе ол шығарған құнды қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерімен берілген рейтингтер жоқ.

Қоғамның қаржылық агент мәртебесі жоқ.

9. Акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен өкілеттіліктерінің атауы, тіркелу күні, мекенжайы мен пошталық мекенжайлары

Қоғамның аңдатпаны құрастыру күніне тіркелген филиалдары мен өкілеттіліктері жоқ.

10. Соңғы аяқталған қаржылық жыл ішінде акционерлік қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізген аудиторлық ұйымдардың олардың сәйкес алқаларға

(қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігі көрсетілген аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы.

Қоғам оны ресми тұлға ретінде тіркеу сәтінен бастап заңды және қаржылық мәселелер бойынша аудиторлық және кеңес беру қызметтерін көрсетуге шарттарды жасаған жоқ және бұзған жоқ.

11. Қоғамның корпоративтік басқару кодексін қабылдау күні (егер оны қабылдау қоғам жарғысымен қарастырылса)

Осы аңдатпаны құрастыру күніне корпоративтік басқару кодексі қабылданған жоқ.

11-1. Акционерлердің жалпы жиналысымен немесе құрылтай жиналысымен акцияларды қоғаммен сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесін бекіту күні

Жалғыз құрылтайшының 02.09.2014 жылғы шешімі

2. Қоғам органдары мен құрылтайшылары (акционерлер)

12. Акционерлік қоғам Директорларының кеңесі

Директорлар кеңесі сайланған жоқ.

12-1. Қоғам Директорлары кеңесінің комитеттері (болған жағдайда)

Қоғам Директорлары кеңесінің комитеттері құрылған жоқ.

12-2. Тұрақтандыру банкі банкті басқару бойынша қызметті жүзеге асыратын өкілетті тұлғаны (өкілетті тұлғаларды) көрсетеді

Қоғам банк болып табылмайды.

12-3. Ішкі аудит қызметі (болған жағдайда)

Ішкі аудит қызметі құрылмаған.

13. Акционерлік қоғамның алқалық (жеке) атқарушы органы

Қоғамның уәкілетті тұлғасы:

Уәкілетті тұлғаның аты -жөні, туған жылы	Қазіргі және соңғы 3 жылдағы лауазымы	Өкілеттігі	Тиесілі акциялардың қоғамның дауыс беретін акциялардың жалпы санына пайыздық ара қатынасы
Дербисалиев Ербол Абдсаттарұлы 19.05.1973 г.	02.08.2014 - осы уақытқа дейін «КоЖаН» АҚ уәкілетті тұлғасы.	«КоЖаН» АҚ органдарының құрылғанға дейін үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста «КоЖаН» АҚ мүлдесіне өкілдік ету және «КоЖаН» АҚ Қаржы-шаруашылық қызметін	жоқ

		атқару.	
	24.10.2011 – 15.10.2014 «КоЖаН» ЖШС Директоры.	Компанияның жеке-дара атқарушы органның қызметін атқару.	
	01.08.2011 – 23.10.2011 «КоЖаН» ЖШС Заңды сұрақтар бойынша Директордың орынбасары.	«Кожан» ЖШС қызметін қуқықтың жағынан алып жүру.	
	10.01.2012 -осы уақытқа дейін «ТрансНафта-Центр» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.	Директорлар кеңесі мүшесінің міндетін ҚР заңнамасына сәйкес атқару.	

14. Сыйақы мен еңбекақының жалпы сомасы, сондай-ақ соңғы қаржылық жыл ішінде қоғам аңдатпасының 12-және 13 тармақтарында көрсетілген тұлғаларға төленген және берілген жеңілдіктер
Төлемдер жүргізілген жоқ.

15. Акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық құрылымы

1) акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері

Осы аңдатпаны құрастыру күніне құрылымдық бөлімшелер қалыптастырылған жоқ.

2) Акционерлік қоғам қызметкерлерінің, оның ішінде акционерлік қоғамның филиалдары мен өкілеттіліктері қызметкерлерінің жалпы саны

Осы аңдатпаны құрастыру күніне штат кестесі әлі бекітілген жоқ. Қоғамның филиалдары мен өкілеттіліктері жоқ.

3) Акционерлік қоғамның оның акцияларына ие қызметкерлерінің жалпы саны, және олардың орналастырылған акциялардың жалпы санынан пайыздардағы жиынтық үлесі

Осы аңдатпаны құрастыру күніне Қоғам қызметкерлеріне акцияларды орналастыру жүргізілген жоқ.

4) Акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер (тегі, аты, болған жағдайда – әкесінің аты, туған жылы)

Осы аңдатпаны құрастыру күніне құрылымдық бөлімшелер басшылары жоқ.

5) Филиалдар мен өкілеттіліктер басшылары туралы мәліметтер (тегі, аты, болған жағдайда – әкесінің аты, туған жылы)

Қоғамның филиалдары мен өкілеттіліктері жоқ.

16. Акционерлік қоғамның құрылтайшылары(акционерлері) жоқ

Толық атауы	Мекенжайы	Құрылтайшымен алдын ала төленген акциялар саны, дана	Құрылтайшымен алдын ала төленген акциялар түрі
INTERNATIONAL MINERAL RESOURCES II B.V. жауапкершілігі	Jan Luijkenstraat 68 (1071 CS) Amsterdam, the Netherlands	10 748 046 (он миллион жеті жүз қырық сегіз мың қырық алты)	жай акциялар

шектеулі компаниясы			
------------------------	--	--	--

Ірі акционерлер, немесе акционердің-заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайыздарға ие қатысушылар туралы мәліметтер

Аты-жөні/ Толық атауы	Туған жылы/ Мекен-жайы	Қатысудың тиесілі үлестерінің (акцияларының) саны
«SUMMERSIDE INVESTMENTS» SARL («САММЕРСАЙД ИНВЕСТМЕНТС» ЖШҚ)	Құру күні: 29.01.2008ж., Тіркеу нөмірі: В 135610. Мекенжайы: 179, Рут д'Арлон L-8011, Штрассен.	12 460 (он екі мың төрт жүз алпыс) жай акция.
«Amirami Limited» («Амирами» ЖШС)	Құру күні: 09.11.2008ж., Тіркеу нөмірі: A313/11/08/0808. Мекенжайы: Дубай, Біріккен Араб Әмірлігі: P.O. Box-450676, Dubai, UnitedArabEmirates	6 000 (алты мың) жай акция

Акционер қоғамның орналастырылған акцияларының он және одан да көп пайызына ие болған күн – жоқ, өйткені акциялар тіркелмеген.

17. Қоғам ірі акционер болып табылатын немесе ұйымның жарғылық капиталының он және одан да көп пайызына ие ұйымдар туралы мәліметтер
Қоғам қандай да бір ұйымның ірі акционері болып табылмайды.

18. Қоғам қатысатын өнеркәсіптік, банкілік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат
Қоғам өнеркәсіптік, банкілік, қаржылық топтарға, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатыспайды.

19. Акционерлік қоғамның басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер
Аядапшаны мемлекеттік тіркеу үшін оны өкілетті органға ұсыну сәтіне Қоғамның үлестес тұлғасы жоқ.

20. Қоғамның үлестес тұлғаларымен мәмілелері
Қоғам мемлекеттік тіркеу күнінен бастап үлестес тұлғалармен мәміле жасаған жоқ.

3. Акционерлік қоғам қызметін сипаттау

21. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлерінің қысқаша сипаттамасы, акционерлік қоғам бәсекелестері болып табылмайтын ұйымдар туралы мәліметтер

Қызметтің негізгі түрі

Кен пайдалану, мына кен орындарында көмірсутек шикізатын барлау және өндіру бойынша қызмет: Теңіз, Даулеталы (Атырау облысының Жылыой ауданы), Қаратал (Атырау облысының Махамбет ауданы). Көмірсутек шикізат ішкі нарықта, сондай-ақ экспорттық бағытта өткізіледі. Қоғамның бәсекелестері: «Матен Петролеум» АҚ, «Тенгизшевройл» ЖШС, «Жаикмунай» ЖШС, «Мангистаумунайгаз» АҚ, «РД КазМунайГаз» АҚ.

22. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулар (жұмыстар, қызметтер) табыстылығына оң және теріс әсер ететін факторлар

Қоғам осы аңдатпаны құрастыру күніне тек ұңғымаларды бұрғылаумен, мұнай-газ конденсатты кен орындарды әзірлеумен, ұңғымаларды күрделі жөндеумен, көмірсутек шикізатты барлаумен және өндірумен ғана айналысады. Қызметтің негізгі түрі бойынша сатулар табыстылығына әсер ететін оң факторы ретінде өндірілетін көмірсутек шикізатының жоғары сапасын атап өтуге болады. Теріс сапалар арасында атап өтуге болады: 1) әлемдік нарықта көмірсутек шикізатына бағаның төмендеуін, 2) көмірсутек шикізаттары көлемдерінің артуын, бұл бағаның төмендеуіне әкелетіні сөзсіз.

23. Қоғамда бар лицензиялар (патенттер) мен олардың әрекет ету кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде қоғаммен қаржыландырылатын зерттеу әзірлемелеріне шығындар туралы ақпарат

Қоғамның лицензиялары (патенттері) жоқ және зерттеулер мен әзірлемелерді, о.і.зерттеу әзірлемелерін қаржыландырмайды.

24. Соңғы екі жыл немесе акционерлік қоғамның нақты бар болу кезеңі ішінде өткізілген өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемдері

Қоғам нақты бар болу кезеңі ішінде өнімді өткізуді жүзеге асырған жоқ (жұмыстарды, қызметтерді орындаған жоқ).

25. Қоғамның өз өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуды ұйымдастыру бойынша қызметі

Қоғам мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап өз өнімін (жұмыстарды, қызметтерді) сатуды жүргізген жоқ.

26. Акционерлік қоғам қызметіне әсер ететін факторлар:

1) қызметтің маусымды сипатқа ие түрлері, олардың акционерлік қоғамның жалпы табысындағы үлесі

Қоғам қызметі маусымды сипатқа ие емес.

2) акционерлік қоғамға жеткізілетін шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорт үлесі және акционерлік қоғаммен экспортқа өткізілетін өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өткізілетін өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі

Қоғам шикізатты (жұмыстарды, қызметтерді) импорттаған жоқ, және өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) экспортқа өткізген жоқ.

3) акционерлік қоғамның сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер.

Қоғам сот процестеріне қатысқан жоқ және қатысып отырған жоқ.

4) акционерлік қоғам мен оның лауазымды тұлғаларына өкілетті мемлекеттік органдармен және (немесе) сотпен соңғы жыл ішінде барлық салынған әкімшілік жазалар туралы мәліметтер

Қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына өкілетті мемлекеттік органдармен және (немесе) сотпен әкімшілік жаза қолданылған жоқ.

5) тәуекел факторлары

- **Құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында немесе биржадан тыс нарықта акция бағасына, сондай-ақ нарықтағы өнімнің қоғам акцияларының құнына әсер ететін құнының өзгеруіне әсер етуші**
Мұнай мен көмірсутек шикізатқа бағаның құлауы. Қоғамның қаржылық жағдайы мен оның қызметінің нәтижелері мұнайға басым бағаларға тәуелді. Қазіргі уақытта мұнай бағаларына қатысты болжамдар мен күтулерге сәйкес сарапшылар мұнайға бағалардың сыни төмендеуін екіталай деп есептеп отыр. АҚШ доллары бағамының төмендеу ықтималдығына байланысты валюталық тәуекелдерді ескеру қажет, өйткені мұнай мен көмірсутек шикізатты өткізген кезде бағалар мен есептер АҚШ долларында жүргізіледі, ал шығындардың негізгі бөлігі теңгеде жүзеге асырылады.
- **Құнсызданумен, девальвациямен және банкілік пайыз мөлшерлемелерімен шарттасқан**
Көрсетілген тәуекел бар, және кәсіпорынның кез келген қызметіне несиелік, валюталық, пайыздық, инфляциялық және басқа қаржылық тәуекелдер әсер етуіне байланысты, Қоғам қызметіне әсер етеді.
- **шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігімен байланысқан**
Қазіргі уақытта көмірсутек шикізаты аса көп сатылатын өнім болып табылатынын, және осы өнімге баға мен тұтынудың өсуі орын алып отырғанын ескере отырып, шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігімен байланысты тәуекелдер минималды сипатқа ие.
- **елдегі саяси жағдайдың өзгеруімен және заңнаманың өзгеруімен байланысты**
Қазақстан Республикасындағы тұрақты экономикалық және саяси жағдаймен байланысты саяси сипаттағы, оның ішінде Қоғам жағдайын нашарлататын заңнаманы өзгерту мүмкіндігімен байланысты барлық тәуекелдер минималды сипатқа ие.
- **әлеуметтік факторлармен байланысты**
Қоғам тұрақты негізде кадрлық және әлеуметтік саясатты жетілдіруді тұрақты негізде жүргізеді. Қоғамның кадрлық саясаты жоғары кәсіби мамандарды тартуға және қызметкерлерді барлық қажетті әлеуметтік игіліктермен қамтамасыз етуге бағытталған.

4. Қоғамның қаржылық жағдайы

II. Инвестициялар

Қоғамның құнды қағаздар қоржыны мен өзге инвестициялары, сондай-ақ басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялары жоқ. Қоғамның инвестициялық қаржынды басқару бойынша стратегиясы қарастырылмаған.

III. Дебиторлық берешек

01.09.2014ж. жағдай бойынша дебиторлық берешек (активтердің теңгерімдік құнынан 5 және одан да көп %):

Дебитордың атауы	Titan Oil Trading GMBH,
Дебитордың мекенжайы	SCHWARZENBERGSTR. 1-3/14A Gerasdorf Bei Wien, Austria, 1010
Шарт №	№KOZHAN /TOTG-2014 от 31.10.13г.
Шарттың мәні	Мұнайды өткізу
Берешек сомасы	1 939 819 809,20 теңгеде (10 479 945,22 USD)
Активтер барлығы	14 348 967 192,75
Активтердегі үлес	13,52%

Шарт талаптарына сәйкес жоғарыда аталған дебиторлық берешекті өтеу мерзімі: Сатушы Сатып алушыға берген коммерциялық шот бойынша FOB Коносаменті (коносаментті шығару күні – күн нөл) күнінен 30 күнтізбелік күн кешіктірмей,

Жоғарыда көрсетілген берешектің пайда болу күні :
31.07.2014ж. - 4 911 422,60 USD
31.08.2014ж. - 5 568 522,62 USD
Жоғарыда көрсетілген берешекті өтеу күні :
03.09.2014ж. - 4 911 422,6 USD
01.10.2014ж. - 5 568 522,62 USD

29. Активтер

Қоғамның құны активтердің теңгерімдік құнынан бес және одан да көп пайызды құрайтын мүлігі:

Баптардың атауы	Теңгерімдік құны, мың теңге	Активтердегі үлесі, %-да
Негізгі қаражаттар – т/ж Теңіз (ұңғымалар)	4 118 989 778,01	28,71%

Эмитенттің оның міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын, сондай-ақ әрбір активтің құны және сәйкес шарттардың әрекет етуінің аяқталу күні көрсетіліп, сенімгерлікпен басқаруға тапсырылған активтер туралы мәліметтер Қоғамның оның міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын, сондай-ақ сенімгерлікпен басқаруға тапсырылған активтері жоқ.

30. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен өзгеру жолымен құрылып отырған акционерлік қоғамның жарғылық капиталы оған тапсыру актісіне сәйкес тапсырылған активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмаға тең. Осылайша, Қоғамның жарғылық капиталының мөлшері 10 748 046 000 (он миллиард жеті жүз қырық сегіз миллион қырық алты мың) теңгені құрап отыр. Қоғамның меншікті капиталы 11 112 424 490 (он бір миллиард жүз он екі миллион төрт жүз жиырма төрт мың төрт жүз тоқсан) теңгені құрап отыр.

31. Қарыздар

Осы аңдатпаны құрастыру күніне Қоғам облигацияларды шығарған жоқ, банкілік қарыздар мен несиелік желілері жоқ.

32. Қоғамның негізгі қызметті жүзеге асырумен байланысты несиелік берешек (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған алғытөлемдер):

Қоғамның оның активтерінің теңгерімдік құнынан бес және одан да көп пайыз мөлшерінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несиелік берешегі жоқ.

5. Қаржы ұйымдарының қаржылық жағдайы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 04 шілдедегі “Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы” № 474-ІІ заңына сәйкес Қоғам қаржы ұйымы болып табылмайды.

6. Құнды қағаздарды шығару туралы мәліметтер

(акцияларды шығаруы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі “Құнды қағаздар нарығы туралы” Заңын қабылдағанға дейін тіркелген қоғамдар үшін)

Қоғамның бұдан бұрын тіркелген құнды қағаздар шығарылымдары жоқ.

7. Жарияланған акцияларды шығару туралы мәліметтер

45. Акциялар туралы мәліметтер:

1) жарияланған акциялар саны, түрлері:	11 748 046 (он бір миллион жеті жүз қырық сегіз мың қырық алты) дана
	жай акциялар
	жарияланған
2) құрылтайшылар арасында орналастырылатын (орналастырылған) акциялар саны, түрі:	10 748 046 (он миллион жеті жүз қырық сегіз мың қырық алты) дана
	жай акциялар
	орналастырылатын
3) құрылтайшылармен төленетін бір акцияның атаулы құны:	құрылтайшылармен төленетін бір акцияның атаулы құны 1000 (бір мың) теңгені құрайды.
4) басым акциялар бойынша дивидендтің кепілдікті көлемі	Қоғаммен басым акцияларды шығару қарастырылмаған.

45-1. Тұрақтандыру банкінің жарияланған акцияларының саны, түрлері, атаулы құны туралы мәліметтер (тұрақтандыру банкімен толтырылады)

Қоғам банк болып табылмайды.

46. Қоғамның айырбасталатын құнды қағаздары

Қоғам акциялары айырбасталмайды.

46-1. Орналастырылған акциялар санын арттыру (қоғаммен сатып алынған акцияларды шегергенде), қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы қоғамның акцияларының басқа түріне ауыстыру

Қоғам орналастырған акциялардың санын арттырған жоқ, өз акцияларын сатып алған жоқ және орналастырылған акциялардың бір түрін басқа түріне ауыстыруды жүргізген жоқ.

47. Төлем агенті туралы мәліметтер

Қоғамның осы аңдатпаны құрастыру күніне төлем агенті жоқ.

48. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәліметтер.

«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» Акционерлік қоғамы («Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ), мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 141, тел: +7 (727) 272-47-60, e-mail: info@tisr.kz, құнды қағаздарды лицензиясыз тіркеуді жүргізу бойынша қызметті жүзеге асырылады.
Құнды қағаздарды ұстаушылар тізілімдерін толтыру жүйесі туралы 17.10.2014 ж. №1782 шарт

48-1. Акционерлік инвестициялық қор көрсетеді:

Қоғам акционерлік инвестициялық қор болып табылмайды.

8. Қосымша ережелер

49. ҚР ҚҚА Басқармасының 28.11.08ж. № 181 қаулысына сәйкес шығарылды.

50. Инвесторларға арналған ақпарат

Инвесторлар Қоғам жарғысының көшірмесімен, акцияларды шығару аңдатпасымен, осы құжаттарға өзгертулермен және толықтырулармен, Қоғамның орналасқан жері бойынша акцияларды орналастыру нәтижелері туралы есептермен таныса алады: Қазақстан Республикасы, Алматы қ.: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Пирогов көшесі, 31, 6-қабат. Қоғам өзінің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғам жарғысына сәйкес «Экспресс К» республикалық қоғамдық-саяси басылымында міндетті жариялануға жататын ақпарат пен хабарламаларды жариялайды.

Өкілетті тұлға

Бас есепші



Дербисалиев Е.А.

тағайындалмаған

«КоЖаН» акционерлік қоғамы

**«КоЖаН» АҚ
жалғыз құрылтайшысының
2014ж. “02” қыркүйектегі
шешімімен бекітілді**

**АКЦИЯЛАРДЫ ҚОҒАММЕН САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰНЫН
АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Алматы қ., 2014

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы әдістеме Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” Заңына, «ҚоЖаН» АҚ Жарғысына сәйкес әзірленіп, «ҚоЖаН» АҚ (бұдан әрі – «Қоғам») орналастырылған акцияларын сатып алу тәртібін және Қоғамның құнды қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесін белгілейді.
2. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алу осы Әдістеме талаптарына сәйкес, оларды кейінгі сату, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес акционерлер құқықтарын тиісті сақтау (Қоғамның акционерге Қоғамға тиісті акцияларын сатып алу міндеті пайда жағдайда) мақсатында, немесе Қазақстан Республикасы Заңнамасына және Қоғам Жарғысына қайшы келмейтін өзге мақсаттарда жүзеге асырылады.
3. Қоғамның акционерлерден- Қазақстан Республикасының резиденттері еместерден орналастырылған акцияларды сатып алу Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының белгіленген талаптарын ескере отырып, Қазақстан республикасының резиденттері-акционерлер үшін белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.
4. Қоғамның акцияларды осы Әдістемемен қарастырылмаған негіз бойынша акцияларды сатып алу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және (немесе) сауданы ұйымдастырушылардың ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.
5. Қоғаммен сатып алынған акциялар оның акционерлерінің жалпы жиналысының қворумын анықтау кезінде ескерілмейді және оның үстінде дауыс беруге қатыспайды.
6. Қоғаммен сатып алынған, орналастырылған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
7. Осы әдістеме Қоғамның акцияларды шығару аңдатпасының ажырамас бөлігі болып табылады. Акционерлер Әдістемемен Қоғамның Атқарушы органының орналасқан жері бойынша таныса алады.

2-бөлім. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алудың жалпы талаптары

8. Осы Әдістеменің күші Қоғамның ол орналастырған акцияларды сатып алу жағдайларына тарайды:
 - a. қоғам бастамасы бойынша;
 - b. акционер талабы бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда;
 - c. акционер өтініші бойынша;
 - d. сот шешімі бойынша.
9. Мақсаттылық болған жағдайда, Қоғамның Атқарушы органының Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімін қабылдау туралы қолдаухатпен жүгіну құқығы бар. Бұл ретте осы қолдаухатқа мыналарды қамтитын акцияларды сатып алу бойынша ұсыныстар қоса берілуі тиіс:
 - a. қоғаммен орналастырылған акцияларды сатып алу мақсаттылығы мен сатып алу мақсатының негіздемесі;
 - b. Қоғаммен сатып алуға ұсынылып отырған, Қоғамның орналастырылған акциялар саны мен түрі;
 - c. Орналастырылған акцияларды сатып алу бағасы немесе сатып алуды анықтау әдісі;

- d. сатып алудың өзге талаптары.
10. Қоғамның Директорлар кеңесі Атқарушы органның қолдау хатымен келіскен жағдайда Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімін қабылдауға құқығы бар.
 11. Қоғамның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Әдістеменен қарастырылған жағдайда ол орналастырылған акцияларды сатып алу құқығы жоқ.
 12. Егер Қоғам ол орналастырған акцияларды сатып алу саны олардың жалпы санынан бір пайызға асатын болса, Қоғам акцияларды сатып алу-сату мәмілесін (мәмілелерін) жасағанға дейін өз акционерлеріне осындай сатып алу туралы «Экспресс К» республикалық басылымда хабарландыру жариялау арқылы хабарлауға міндетті.
 13. Қоғамның өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы хабарландыруында ол сатып алатын акцияларының түрлері, саны, бағасы, оларды сатып алу шарттары, Қоғамның сатып алынатын акцияларын сатуға өтінім қабылданатын мерзім мен акцияларды сатып алу жүзеге асырылатын және Қоғамның оларды сатып алуға бас тарта алатын мерзім туралы мәліметтер болуы тиіс.
 14. Қоғам белгіленген мерзімде акцияларды сатуға өтінім берген акционерлерден және акцияларды сатуға өтінімдерді қабылдау аяқталу күнінің 00:00 сағаттағы жағдай бойынша сондай болып қалғандардан ғана акцияларды сатып алады.
 15. Егер Қоғаммен орналастырылған акцияларды сатып алуға өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылатын мерзім аяқталған жағдайда, акционерлермен Қоғам акцияларын сатып алуға мәлімделген саны Қоғаммен сатып алуға жарияланған акциялар санынан асатын болса, осы акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына тең Қоғаммен есептелетін үйлесім коэффициентімен сатып алынады.
 16. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алу саны орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс, ал орналастырылған акцияларға жұмсалған шығындар Қоғамның меншікті капиталының мөлшерінен он пайызға аспауы тиіс:
 - a. Акционер талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу кезінде – Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен (Жалғыз акционермен) акционерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оған тиесілі Қоғам акцияларын сатып алу құқығын беретін бір немесе бірнеше шешімдер қабылдау күнгі жағдай бойынша;
 - b. Қоғам бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу кезінде – Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдау күнгі жағдай бойынша.
 17. Сатып алынатын акциялар саны мен Қоғамның акцияларды сатып алуға жұмсалатын қаражаттар осы Әдістеменің 16 тармағының 1)-2) тармақшаларында көрсетілген мәндерден аспауы тиіс.
 18. Қоғамның оның акционерлерінен акцияларды сатып алу жүзеге асырылатын үйлесімдік коэффициенті былай есептеледі:
:

$$K = Q/Tq$$

K – үйлесім коэффициенті;

Q – Қоғаммен сатып алуға жарияланған акциялардың жалпы саны;

Tq – Қоғамның сатып алуға мәлімделген орналастырылған акцияларын жалпы саны.

19. Қоғамның акционерден сатып алатын акциялардың жалпы саны акционердің сатып алуға мәлімдеген акциялар санын үйлесім коэффициентіне көбейту жолымен есептеледі. Егер жоғарыда сипатталған есептеуді қолдану нәтижесі бойынша Қоғамның акционерден сатып алынатын акциялар саны акциялардың бүтін санына тең болмаса, онда осындай акционердің Қоғаммен сатып алынатын акциялар саны азаю немесе көбею жағына дөңгеленетін болады.
20. Қоғамның ол орналастырған акцияларды сатып алу Қоғамның акционерді (акционер өкілін) оның құқық қабілетін немесе қабілеттілігін, оған Қоғам акциялары меншігінің құқығында тиесілі акциялар санын куәландырғаннан кейін, тараптардың Акцияларды сату-сатып алу Шартына және акцияларды алып тастау/есептеу және акцияларды сату/сатып алу мәмілесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркеуден кейін жүзеге асырылады.
21. Акцияларды шығынға жазу/есептеуге бұйрықтар (бұдан әрі-“Бұйрықтар”) акцияларды акционердің дербес шотынан шығынға жазу және оларды Қоғам есебіне Қоғам акцияларының ұстаушылары тізілімі жүйесінде сатып алынған құнды қағаздар үшін қоғам есебіне есептеуге негіз болып табылады.
22. Бұйрықтар Тіркеушіге орындау үшін тапсырылады.
23. Акцияларды міндетті тәртіпте сату-сатып алу шартының мазмұнында сатып алынып жатқан акцияларға ақы төлеуге ақшасыз жолмен ақша аудару үшін акционердің (заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның) банк деректемелері, немесе акционерлерге(акционерлер-жеке тұлғалар үшін) сатып алынатын акцияларға ақы төлеу үшін қолма- қол ақша алуға болатын, нақты мекенжайы және байланыс телефоны туралы мәліметтер болуы тиіс.
24. Осы әдістеменің 23- тармағында көрсетілген құжаттарды ресімдеу Қоғам кеңсесінде немесе Тіркеушіде жүзеге асырылады.
25. Қоғамның ол орналастырған акцияларды сатып алу бойынша құжаттарды ресімдеген кезде, акцияларды өткізгісі келген акционерлерден акционердің (акционер өкілінің) мерзімі өтіп кеткен жарамсыз құжаттар, уақытша жеке куәліктер, сондай-ақ ескі үлгідегі төлқұжаттар қабылданбайды.
26. Акциянермен акцияларды сатып алу бойынша түпкі есептесу Акцияларды сату-сатып алу Шартымен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

3-бөлім. Қоғам бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу тәртібі

27. Қоғамның өз бастамасы бойынша акционер рұқсатымен, егер басқасы Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғам туралы” Заңымен және Қоғам Жарғысымен басқасы көзделмесе, Қоғам Директорлары кеңесінің шешімі негізінде ол орналастырған акцияларды сатып алуды жүзеге асыруға құқығы бар.
28. Қоғамның мына жағдайларда өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу құқығы жоқ:
 - a. акционерлердің бірінші жиналысын өткізгенге дейін;
 - b. құрылтайшылар арасында акцияларды орналастыру нәтижелері туралы алғашқы есепті бекіткенге дейін;
 - c. егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Қоғамның меншікті капиталының көлемі Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғам туралы” Заңымен белгіленген ең төмен мөлшерінен аз болса;
 - d. егер Қоғам сатып алу сәтіне Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңына сәйкес төлем қабілетсіздігінің немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе, немесе көрсетілген белгілер Қоғамда барлық талап етілген не сатып алуға ұйғарылған акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;

- e. егер сотпен немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен (Жалғыз акционермен) Қоғамды тарату бойынша шешім қабылданса;
 - f. Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қоғам Жарғысымен қарастырылған басқа жағдайларда.
29. Қоғамның Директорлар кеңесінің орналастырылған акцияларды сатып алу туралы шешімінің мазмұнында акцияларды сатып алу түріне, санына, бағасына, оларды сатып алу шарттарына, Қоғамның сатып алынатын акцияларын сатуға өтінім қабылданатын мерзім мен акцияларды сатып алу жүзеге асырылатын және Қоғамның оларды сатып алуға бас тарта алатын мерзіміне нұсқау болуы тиіс.
 30. Қоғаммен орналастырылған акцияларды сатып алуға қабылданатын мерзім аяқталғаннан кейін, Қоғамның жауапты қызметкерлері акционерлердің Қоғам акцияларын сатып алуға мәлімдеген санын Қоғаммен сатып алуға жариялаған акцияларының санымен салыстырады, және үйлесім коэффициентін (қажет болған жағдайда) есептейді.
 31. Сатып алынған құнды қағаздар үшін Қоғам шотына акцияларды есептеу туралы акционерлер тізілімінен үзінді көшірме негізінде Қоғамның жауапты қызметкері Қоғамның есеп бөліміне акционердің толық атауы немесе аты-жөні, акционердің жеке тұлғасын (тіркелуін) куәландыратын құжатты, акционер БСН (қажет болса) және ақша есептеу үшін банкілік деректемелерін көрсетіп, ақша аудару үшін Өкім дайындайды (бұдан әрі “Өкім”). Сонымен қатар, Қоғамның жауапты қызметкері Өкімге акцияларды сату-сатып алу Шартының түпнұсқаларын қоса береді.
 32. Есеп бөлімі өкімде көрсетілген мәліметтерді Акцияларды сатып алу-сату Шартында көрсетілген мәліметтермен қосымша салыстырып тексереді де, акционермен акцияларды сатып алу-сату Шартында көрсетілген деректемелерге ақша аударуды жүзеге асырады.
 33. Акцияны ұзақ уақыт бойы акцияларды өткізген тұлғалармен талап етілмеген сомалар олардың ағымдағы/жинақ шотында талап етілгенге дейін қалады.
 34. Директорлар Кеңесінің сатып алынған акцияларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен Қоғам Жарғысына қайшы келмейтін кез келген тәсілмен өткізу туралы шешім қабылдау құқығы бар.

4-бөлім. Акционер талабы бойынша акцияларды сатып алу құқығы

35. Орналастырылған акцияларды сатып алу Қоғаммен оның акционерлерінің мына жағдайларда қойылуы мүмкін талабы бойынша жүргізілуі тиіс:
 - a. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысымен Қоғамды қайта құру (егер акционер Қоғамды қайта құру туралы акционерлердің Жалпы жиналысына қатысса, және көрсетілген шешімге қарсы дауыс берсе) туралы шешім қабылдауы;
 - b. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысымен Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдауы (егер акционер Қоғамды қайта құру туралы акционерлердің Жалпы жиналысына қатыспаса, немесе осы жиналысқа қатысып, көрсетілген шешімге қарсы дауыс берсе);
 - c. сауда-саттықты ұйымдастырушы Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдауы;
 - d. ірі мәмілені жасау және (немесе) Қоғамның қызығушылығы бар мәмілені жасау шешімімен келіспеуі;
 - e. акционерлердің Жалпы жиналысының Қоғам Жарғысына осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдауы

(егер акционер Қоғамды қайта құру туралы акционерлердің Жалпы жиналысына қатыспаса, немесе осы жиналысқа қатысып, көрсетілген шешімге қарсы дауыс берсе).

36. Осы Әдістеменің 1)-5) тармақшаларында көрсетілген негіздемелер болған жағдайда акционер акционерлердің жалпы жиналысымен немесе Директорлар кеңесімен сәйкес шешім қабылдау күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қоғамға оған тиесілі акцияларды Қоғамға жазбаша өтініш жіберу арқылы сатып алу туралы талап қою құқығы бар.
37. Акционердің оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтінішінің мазмұнында сатып алу туралы нақты және бір мағыналы талап, акционермен сатып алуға ұсынылатын акциялар саны мен түріне нұсқау, сондай-ақ акционер мекенжайы мен байланыс телефондары болуы тиіс.
38. Акционердің оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші Қоғамның атқарушы органының ресми мекенжайы бойынша жіберілуі тиіс.
39. Қоғам көрсетілген өтінішті алғаннан кейін 30 (отыз) күн ішінде акционерден акцияларды сатып алуға міндетті.
40. Қоғамның директорлар Кеңесі акционердің акцияларды сатып алу туралы талабын Қоғамның акционер өтінішін алу күнінен бастап 20 (жиырма) күн кешіктірмей қарауы тиіс.
41. Қоғамның директорлар Кеңесінің осы Әдістеменің 1)-5) тармақшаларында көрсетілген негіздер болмаған жағдайда, сондай-ақ заңнамамен белгіленген және Қоғамға ол орналастырған акцияларды сатып алуды жүзеге асыруға тыйым салатын өзге жағдайларда, акционерге Қоғамның директорлар Кеңесі бас тарту себептері көрсетіліп, сәйкес шешімді қабылдау күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде акцияларды сатып алудан бас тарту туралы хабарлама жіберіп, бас тартуға құқығы бар.
42. Қоғамның директорлар Кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдау күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы өтініш берген акционерге мазмұнында Қоғамның директорлар Кеңесінің Қоғамның оған тиесілі акцияларды сатып алу, акцияларды сатып алу- сату келісімін тіркеу үшін қажетті құжаттар тізбесі туралы хабарлама болуы тиіс.
43. Қоғамның акцияларды сатып алуы осы Әдістеменің 2- , 3-бөлімдерімен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген талаптарды ескере отырып, жүзеге асырылады.

5-бөлім. Акционер өтініші бойынша акцияларды сатып алу тәртібі

44. Қоғамның орналастырған акцияларды акционер өтініші бойынша, Қоғамның акцияларды өз бастамасы бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайдағы талаптар бойынша, мынадай тәртіпте жүргізіледі:
 - a. Қоғамның оған тиесілі акцияларын сатқысы келген акционер Қоғамның оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтінішпен жүгінуге құқығы бар.
 - b. Қоғамның оған тиесілі акцияларын сатып алу туралы акционердің өтініші жазбаша нысанда мазмұндалып, оның мазмұнында акцияларды сатып алу-сату туралы нақты және бір мағыналы ұсыным, акционермен сатуға ұсынылатын акция санына, сатудың ұсынылатын бағасына және мәміленің өзге маңызды шарттарына нұсқау болуы тиіс.
 - c. Оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініш Қоғам акционерімен оның ресми мекенжайына жіберілуі тиіс.

- d. Акционермен мәлімделген акцияларды сатып алу туралы өтініш Қоғамның директорлар Кеңесімен акционердің жүгінген күнінен бастап, 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей қаралуы тиіс.
- e. Қоғамның директорлар Кеңесінің акцияларды сатып алумен/акционер өтінішінде мазмұндалған мәміле шарттарымен келіспеген жағдайда ұсынылатын акцияларды сатып алуда бас тартуға немесе Қоғамның атқарушы органына мәміле шарттары бойынша келісімге жету мақсатында келіссөздерге кірісуге тапсыруға құқығы бар.
- f. Қоғамның директорлар Кеңесімен сатып алу немесе сатып алудан бас тарту туралы шешім Қоғамның Атқарушы органынан Қоғам акционерімен жүргізілген келіссөздер нәтижесі алынған күннен бастап 15 (он бес) күн ішінде қабылданады.
- g. Қоғамның директорлар Кеңесі оған тиесілі акцияларды сатып алуға ұсынған акционер акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, мазмұнында акционерге Қоғамның директорлар Кеңесімен оның акцияларын сатып алу туралы шешімді қабылдауы, сатып алу бағасы, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеу үшін қажетті құжаттар тізбесі, сондай-ақ акционер оның Қоғам акцияларын сату ниетін қанағаттандыру мақсатымен жүгінуі мүмкін мекенжай және телефон нөмірі, акционер сатып алу –сату шарттарын жасау үшін келуі тиіс және Қоғамның акцияларды сатып алудан бас тартуы мүмкін мерзімі көрсетілген хабарлама жіберіледі.

6-бөлім. Қоғам бастамасы бойынша, акционер талабы және акционер өтініші бойынша акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі

45. Қоғам бастамасы бойынша акцияларды сатып алу бағасын анықтау мына әдістеме бойынша жүргізіледі:

- a. Сатып алуды жүргізу күні анықталады.
- b. Қоғам активтерінің сатып алуды жүргізу күнінің алдындағы айдың соңғы күніне теңгерімдік құны (А) анықталады.
- c. Сатып алуды жүргізу күнінің алдындағы айдың соңғы күніне Қоғам міндеттемелерінің (М) жалпы құны анықталады.
- d. Қоғамның меншікті капиталының бағалау құны (К) Қоғам активтерінің (А) және Қоғам міндеттемелерінің (М) теңгерімдік құнының айырмасы ретінде анықталады:

$$K = A - M$$

- e. Қоғам акцияларының құны (Р) Қоғамның меншікті капиталы (К) мен орналастырылған акциялар (n) (сатып алынған акцияларды шегергенде)санын бөлуден алынған жеке ретінде есептеледі:

$$P = K / n$$

46. Акционер талабы бойынша акция құнын есептеу әдістемесі Қоғам бастамасы бойынша акция құнын есептеу әдістемесіне ұқсас.

47. Қоғамның акционер өтініші бойынша акцияларды сатып алу кезінде сатып алу бағасы акционер өтініші бойынша талаптар келісімімен белгіленеді.

7-бөлім. Акцияларды сот шешімі бойынша сатып алу

48. Акцияларды сот шешімі бойынша сатып алу тәртібі:

- a. Соттың күшіне енген шешімі болған жағдайда, Қоғам директорларының кеңесі Қоғам акционеріне тиесілі акцияларды сатып алу туралы шешімді Қоғамға сатып алу туралы шешім келіп түскен күннен бастап, басқа

мерзім сот шешімінде көрсетілмесе, 15(он бес) күн ішінде қабылдауға міндетті. Сот шешімінің Қоғамға келіп түсуді тіркеу күні сот шешімінің Қоғамға келіп түсу күні болып есептеледі.

- b. Қоғамға сот шешімі оның заңды күніне енуіне дейін келіп түскен жағдайда, Қоғамның директорлар Кеңесінің акцияларды сатып алу туралы шешімін қабылдау үшін көрсетілген мерзімі сот шешімінің заңды күшіне ену күнінен басталады.
- c. Директорлар кеңесі сатып алу туралы шешім қабылда күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде акционерге Қоғамның директорлар Кеңесінің оның акцияларын сатып алу туралы шешімі, сатып алу бағасы, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеу үшін қажетті құжаттар тізбесі көрсетілген хабарлама жіберіледі.
- d. Қоғамның сот шешімі бойынша акцияларды сатып алу құқығы акционер өтініші бойынша акцияларды сатып алуды регламенттейтін осы Әдістеменің 5-бөлім нормаларымен регламенттенеді.

49. Сот шешімі бойынша акцияларды сатып алу бағасын анықтау әдістемесі:

- a. Қоғамның акцияларды сот шешімі негізінде сатып алу бағасы басқасы сот шешімімен белгіленбесе, тараптар келісімі бойынша белгіленеді. Қоғам директорлары Кеңесінің Қоғамның Атқарушы органына Қоғамның акцияларды сатып алу бағасы бойынша келісімге жету үшін келіссөздерге түсуге құқығы бар.
- b. Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу бағасын анықтау кезінде Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады, сондай-ақ Қоғамның меншікті капиталының көлемін, оның Қоғамның даму жоспарларының және бағаның қалыптасуына әсер ететін өзге факторларға сәйкес өзгеру перспективаларын ескереді. Сот шешімі бойынша акциялар құнын есептеу әдістемесі Қоғам бастамасы бойынша акциялар құнын есептеу әдістемесіне ұқсас.

8-бөлім. Қорытынды ережелер

50. Осы Әдістеме оны Құрылтайшы бекіту күнінен бастап күшіне енеді.

51. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қоғам жарғысының өзгеруі нәтижесінде осы Әдістеменің жеке баптары оларға қайшы келсе, Әдістеме қолданыстағы заңнамаға және Қоғам Жарғысына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Өкілетті тұлға



Дербисалиев Е.А.



«КоЖаН» Акционерлік қоғамы

**«КоЖаН» АҚ
жалғыз құрылтайшысының
2014ж. “02”қыркүйектегі
шешімімен бекітілді**

**«КоЖаН» АҚ
ТАЗА ТАБЫСЫН БӨЛУ ТӘРТІБІ**

Алматы қ., 2014

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. «КоЖаН» АҚ таза табысын бөлудің осы Тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына «КоЖаН» АҚ Жарғысына және басқа ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.
2. Осы Тәртіпте мынадай анықтамалар қолданылады:
 - a. **Қоғам** – «КоЖаН» АҚ;
 - b. **Акционер** – Қоғамның жай акцияларын меншіктенуші болып табылатын тұлға;
 - c. **Дивидендтер** – Акционердің Қоғамның оған тиесілі жай акциялары бойынша Қоғаммен төленетін табысы;
 - d. **Акционерлердің Жалпы жиналысы** – Қоғамның жоғарғы органы;
 - e. **Таза табыс** – кезең ішіндегі салық төлемдерін қосқанда, табыстар мен шығындар арасындағы айырмашылық;
 - f. **Бөлінбеген пайда** – соңғы жылдарда жинақталған, Акционерлермен бөлінбеген және Қоғам қарауында қалған таза табыс.
3. Тәртіптің мақсаты Қоғам мен Акционерлер мүдделерінің теңгерімін, және Қоғамның таза табысын бөлген кезде айқын әдісті қамтамасыз ету болып табылады.
4. Қоғам саясаты құрмет пен Акционердің Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қоғам жарғысымен және оның ішкі құжаттарымен қарастырылған құқықтарын қатаң сақтауға негізделеді. Тәртіп Акционерлердің әл-ауқатын арттыруға, Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыруға және оны капиталдандыруға бағытталған.
5. Осы Тәртіппен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғам Жарғысымен және (немесе) ішкі құжаттарымен анықталатын сәйкес күнге Қоғамның барлық дауыс беруші акциялары бір тұлғаға тиесілі болған жағдайда, Акционерлердің Жалпы жиналыстары жүргізілмейді. Осы Тәртіппен Акционерлердің Жалпы жиналысының күзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер осындай акционермен жекедара қабылданады, және Қазақстан Республикасы заңнамасымен және қоғам Жарғысымен қарастырылған шектеулерді ескере отырып, жазбаша түрде ресімделуге жатады.

2-бөлім. Таза табысты анықтаудың негізгі шарттары

6. Директорлар Кеңесі жыл сайын Акционерлердің Жалпы жиналысына аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген Қоғамның жылдық қаржылық есебін оны талқылау және бекіту үшін ұсынады. Директорлар кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысына қаржылық есептіліктерден басқа аудиторлық есептерді ұсынады. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Акционерлердің Жалпы жиналысымен бекіту күніне дейін отыз күннен кешіктірмей Директорлар кеңесімен алдын ала бекітілуге жатады. Қоғамның жылдық қаржылық есептігін соңғы бекіту Акционерлердің жалпы жиналысымен жүргізіледі. Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық қаржылық есеп пен аудиторлық есептерді Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде жариялауға міндетті.
7. Қоғам директорларының кеңесі Қоғамның атқарушы органының ұсынысы негізінде Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның өткен қаржылық жыл

ішіндегі таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері туралы ұсыныс береді.

Акционерлердің жалпы жиналысына бір жай акцияға дивиденд мөлшері туралы шешім қабылдау үшін ұсынылатын материалдар мазмұнында дивидендтерді төлеуге қажетті шарттардың болуы/болмауы туралы барлық қажетті ақпарат болуы тиіс.

8. Қоғам директорларының кеңесі Акционерлердің Жалпы Жиналысының қарауына таза табысты бөлу және дивидендтер мөлшері бойынша негіздемелер дайындаған кезде таза табысты бөлуге әсер ететін мынадай негізгі факторлар ескерілуі тиіс:
 - a. Қоғаммен алынған таза табыстың нақты мөлшері;
 - b. Қоғамның төлеу қабілеттігі мен қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштері;
 - c. Қоғамның стратегиялық даму мақсаттарын қамтамасыз ету, оның ішінде:
 - күрделі салымдарды қаржыландыру,
 - инвестициялық жобаларды белгіленген тәртіпте келісілген жобаны қаржыландыру құрылымына сәйкес өзіндік қаражаттар талап етілетін бөлігінде қаржыландыру;
 - қарыз міндеттемелерін өтеу;
 - басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына салымдарды белгіленген тәртіпте келісілген қаржыландыру (акциядарды сатып алу);
 - Қоғам Директорлары кеңесінің қарауы бойынша басқа факторлар.
9. Қоғам Директорларының кеңесі Қоғамның өткен қаржылық жыл ішіндегі таза табысын және бір жыл ішіндегі дивиденд мөлшерін бөлу кезінде, дивидендтерді төлеуге жұмсалатын сома Қоғамның таза табысынан 40-тан кем %-н құрайтынын негізге алады. Дивидендтердің нақты мөлшері, егер бұл Қоғам міндеттемелеріне қайшы келмесе, Қоғамның таза табысынан 100%-ға жетуі немесе асуы мүмкін. Таза табыстан асатын дивидендтер сомасы бөлінбеген табыстан төленеді. Дивидендтерді есептеу үшін, Қоғамның таза табысын есептеу үшін Қоғамның жеке (шоғырландырылмаған) қаржылық есептілігі негізінде есептелген Қоғамның таза табысының шамасы қолданылады.

Бұл ретте Қоғам Директорларының кеңесі өзіне дивидендтерді 40% нормативтен төмен төлеу деңгейін ұсыну құқығын қалдырады, Директорлар кеңесінің пікірі бойынша бұл Қоғамның сәйкес қаржылық жыл ішіндегі нақты нәтижелерді, жалпы салалық динамика мен Қоғамның күрделі (инвестициялық) шығындарының, бағдарламасын ескере отырып, Қоғам мен Акционерлердің ұзақ мерзімді мүдделеріне жауап береді. Бұл ретте, дивидендтерді төлеуге жұмсалатын сома, Қазақстан Республикасының Заңнамасымен және осы тәртіппен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның сәйкес қаржылық жыл ішіндегі таза табысынан 10-нан кем емес %-ды құрауы тиіс.

Тоқсан немесе жарты жылдық нәтижелері бойынша дивидендтерді төлеген жағдайда, нақты аралық төлемдер сомасы сәйкес қаржылық жыл үшін дивидендтерді төлеу кезінде ескеріледі.
10. Дивидендтерге бөлінбеген таза табыс оны белгіленген тәртіпте Қоғам мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес пайдалану үшін Қоғам қарауында қалады.
11. Бір жай акцияға дивиденд мөлшері жай акциялар бойынша дивидендтерге бағытталған, Қоғамның орналастырылған жай акцияларының санына (сатып алғандарды шегергенде) бөлінген сомасын басшылыққа ала отырып анықталады.

3-бөлім. Дивидендтерді төлеуге шектеулер

12. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді:

- a. Қоғамның меншікті капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеу кезінде теріс болса;
 - b. Егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңына сәйкес төлем қабілеттіздігіне немесе дәрменсіздігінің белгісіне жауап берсе, немесе көрсетілген белгілер Қоғамда оның жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса.
13. Дивидендтер орналастырылмаған немесе Қоғамның өзімен сатып алынған жай акциялар бойынша есептелмейді және төленбейді.

4-бөлім. Қорытынды ережелер

14. Тәртіпте реттелмейтін мәселелер Қоғам жарғысымен және Қазақстан Республикасы заңнамасымен реттеледі.
15. Тәртіп Қоғамның акцияларды шығару аңдатпасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Өкілетті тұлға



Дербисалиев Е.А.

